



САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Барлығына және барлық жерде
әділдік: Мүгедектік





Кітап: Саяси философияға кіріспе
Дәріс: Барлығына және барлық жерде әділдік: Мүгедектік
Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Мүгедектік

Қазіргі терминологияда – «мүмкіндіктері шектеулі тұлға» деп айтылады және «мүгедек» аталымын пайдаланудан аулақ болған жөн.

Жыныс пен нәсіл проблемасы сияқты мүгедектік те - күрделі әлеуметтік және философиялық мәселе. Тіпті тілдің өзі проблемалар туындатады. Осыдан көп ұзамай ақ физикалық кемістігі бар адам үшін «мешел, кеміс, «(мүгедек)» деген сөзді қолдануға болатын. Ал қазір, жиі «мүгедек» деп айтылғандықтан, бұл қорлау деп саналады. Кейде «мүгедек» терминінің шығу тегі «қолындағы бас киімі» бар қайыр тілеушінінің нашар жағдайын көрсету мағынасы бар деп айтылады, алайда, бұл мәлімде дау туғызады. Алайда, бұл термин әлі де қарсылық туғызуы мүмкін, өйткені ол кейбір адамдардың «өмір ойынында» маңызды табысқа жете алмайтынын білдіретін спорттық метафора сияқты көрінеді. Қазіргі таңда «мүмкіндігі шектеулі жан» деген ұғым жиі қолданылады, бұл тұлғаның шектеулі мүмкіндіктен бұрын (бірінші, жоғары) келетіні туралы фактіні басып көрсету үшін ойластырылған. Кейбіреулер «қабілеттері басқаша» деген терминді жөн көреді, сонымен қатар психикалық қабілетсіз жандарға қолданылып келген ұғымның орнына «нейро өзгешелік» деген сияқты жаңа термин де енгізілді. Балама ретінде кейбір белсенділер «мүгедек жан» терминін жөн көреді, себебі олардың айтуынша, оларды қоғам мүгедек етеді. Бұл таңдандырарлық мәлімдеме болуы мүмкін. Әрине, кейбір адамдар мүгедек болып туады, ал кейбірі қайғылы оқиғалардың салдарынан мүгедек болып қалады деп айтуға болады. Неге біреу адамды қоғам мүгедек етеді деп ойлауы тиіс?

Мүгедектіктің әлеуметтік моделі

«Мүгедектіктің әлеуметтік үлгісі» деген атаумен белгілі, қоғам адамды мүгедек етеді деген идеяны қолдайтындар адамдардың түрлі физикалық және психикалық ерекшеліктермен туатынын мойындайды. Алайда бұл сипаттамалар көп жағдайда әлеуметтік фактілерге тәуелді болса, сіз қаншалықты тиімді қызмет ете аласыз? Мысалы, жұлын жарақаты кесірінен өз аяғымен жүре алмайтын адамдардың өмірін білу үшін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу Австралиядағы заманауи қала Сидней мен Африкадағы Камерун ауылдарындағы өмір сүру шарттары салыстырды. Австралияда зерттеуге қатысқан адамдар сапасы жоғары мүгедектер арбасын пайдалана алатын еді, сондай-ақ оларға жүріс-тұрыс мүмкіндіктері шектелген адамдардың қажеттіліктерін ескере отырып жабдықталған, заманауи ғимараттарда еңбек етуге және демалуға жағдай жасалған еді. Алайда, Камерундағы ауылдық жерлерде, тропикалық ормандарда жыл бойы су тасқыны жиі болады, дұрыс салынған жолдар да аз, ал мүмкіндігі шектеулі жандардың ғимараттарға кіруіне еш жағдай жасалмаған, тіпті тазалық жағы да ескерілмеген. Мүгедектер арбасын алса да, оны пайдаға жарата алмайды. Медициналық мекемелердің де жағдайлары мәз емес, ал төсекке таңылған адамдар, әдетте, өмір бойы антисанитарлық жағдайда жатқандықтан, денелерінде пайда болған ойық жараларға түскен инфекциялардың кесірінен ерте қайтыс болады. Зерттеу жүріс-тұрысы шектелген адамдардың өмірінің әлемнің кей жерлерінде азапқа толы екенін, ал кей елдерде «қалыпты» өмірге өте жақын екенін көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда, мүгедектіктің ауырлық дәрежесі жеке тұлғаның мүмкіндігінен тыс жатқан әлеуметтік және материалдық факторларға байланысты.

Әлеуметтік интерпретациядағы радикалды көзқарас

Мүгедектіктің әлеуметтік үлгісін қолдаушылардың кейбір радикалды тобы одан да алыс барып, мүгедектікті теріске шығарады, олардың пікірінше, адамдар бір топқа екінші топқа қарағанда артықшылық беретін әлемді қалыптастырған. Бұл жерде нәсіл мен гендерге қатысты талқылаумен ұқсастықты көруге болады. Дене бітімі мен функцияларының арасында табиғи айырмашылықтар бар. екені рас. Алайда, бұл табиғи айырмашылықтар адамдарға неге әртүрлі қарым-қатынастың қалыптасқанын немесе біреулердің неге жетістікке жетіп, шалқып өмір сүретінін, ал біреулердің күнін әзер көретінін өздігінен түсіндіріп, ара жігін ашпайды. Мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты біздің қоғамда жұмыс орындарын ашу, технологияларымыз бен бір-бірімізге деген қарым-қатынасымызды қалыптастыру тәжірибеміз және орнығып қалған мәдениетіміз кейбір адамдардың өмірін басқаларыныкіне қарағанда қиындата түседі. Қоғам ешқандай негізсіз біреулерді мүмкіндіктерден айырып, біреулерге артықшылықтар ұсынды.

Медициналық модель



Мүгедектіктің әлеуметтік моделі көбіне медициналық модельге қарсы келеді.

Бәлкім, медициналық модель бұл бізде қалыптасып қалған «парасатты пайым» болуы мүмкін, оған сәйкес мүгедектік - медициналық мәселе, ол хирургиялық немесе медициналық жолмен тиісті орындарда шешілуі қажет. Осы тұрғыдан алғанда, Мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселесі ауруханаларда шешіледі. Бұған әлеуметтік модель қарсы шығады, өйткені, бұл адамдардың бәрі бірдей болуы үшін, олардың терісінің түсін өзгертіп, нәсілшілдік мәселесін шешуге тырысумен бірдей. Алайда, бұл аналогия дұрыс па? Егер, біреудің жүріс-тұрысында қиындық болса, оны хирургиялық жолмен емдеуге болса, бұны терінің түсін өзгерту процесімен теңестіруге бола ма? Керісінге, бұл өздігінен-ақ құнды болып көрінеді. Әлеуметтік моделдің кейбір жақтары дұрыс болғанымен, мүгедектіктің медициналық мәселе екенін жоққа шығару - тым шектен шыққандық. Медициналық та, әлеуметтік те модель нағыз шындық ретінде қабылдана алмайды, дегенмен, әлеуметтік модель медициналық болжамдарымызды түзете алады.

Әлеуметтік когнитивтік үлгі

Іс жүзінде әлеуметтік модель, бізді мүмкіндіктері шектеулі жандарды көп нәрселерден шеттетуге қатысты қалыптасқан көзқарас жөнінде тереңірек ойлануға итермелейді. Мүгедектіктің әртүрлі әртүрлі қиындық туындатады. Қоғамның мүмкіндігі шектеулі жандардың жүріс-тұрысы мәселесін шешудің жолдарын жақсартып келе жатқаны бүгінгі Сидней мысалынан көрінеді. Технологиялар көру және есту қабілеттері сияқты сезім мүшелерінде кемістігі бар адамдардың жұмыс істеуіне және бос уақытын жақсы өткізуіне көмектеседі. Өкінішке орай, когнитивті кемістікке қатысты осы әлеуметтік модельді сәтті қолдана алмадық. Біз ақыл-ойларының даму деңгейіне қарамай адамдардың тең дәрежеде бай әрі толыққанды өмір сүруі үшін мына әлемді қалай өзгерте аламыз? Өзгеріс жасауға болатынына күмән жоқ, алайда, қоғам бұған қатысты ештеңе ойлап таба қойған жоқ.

Дәрілік/емдеудің кейбір әлеуметтік салдары

Сонымен қатар, әркімнің мүгедектікке қатысты көзқарасы әртүрлі екенін ескеруіміз керек. Бұған саңырау адамдарға қатысты белгілі бір мысалды келтіруге болады. Кейбір саңырау адамдар есту қабілеттерін жақсартқылары келеді, осы кемістікті түзетуге көмектесетін кез келген технологиялық жаңалық пен медициналық ем-домды құптауға бар. Бірақ басқа саңырау адамдар кохлеарлы имплантат сияқты технологиялық шараларға барғысы келмейді және бейтаныс, жағымсыз болуы да мүмкін «есту әлеміне» араласудың орнына, күрделі әрі жарқын ишарат тілі мәдениетінің тәжірибелі және сенімді мүшесі болып қала бергенді жөн көреді. Дәл осындай тартыстар аутизм және маниакалды депрессия сияқты жағдайларға қатысты да туындайды. Дәрі-дәрмек адамдарға өздерінің шынайы болмысынан бас тартқандай сезіндіруі мүмкін, ал олардың көпшілігі өзгелердің үмітін ақтайтын адам болуға көмектесетін дәрі-дәрмек ішкеннен гөрі, «өзімен өзі» болып қалғанды қалар еді.

Тіпті бірдей жағдайға тап болған адамдардың өзі әртүрлі нәрселерді қалайтыны және керек ететіні анық. «Біз барлық адамға қатысты тең қарым-қатынас орната аламыз?» және «Қоғам жаман жағдайды қалай одан ары нашарлата түседі?» деген сұрақтардан бастау, тым құрығанда кейбір проблемаларды анықтауға көмектеседі.